

Қазақ әйелдерінің отбасындағы орны мен құқықтары.

Адилбаев А.М., ғылыми қызметкер

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қарағанды қ.

Біздің халқымыз ер баланы ертеңгі мұрагер санағанымен, қыз баланы олардан әсте кем көрмеген. Көп жағдайда қыз бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген, ата-аналар, тіпті ұлдарынан гөрі қыздарын ерекше жақсы көріп, еркелетіп, еркін өсірген. Қазақ отбасында, мысалы ұлды жазалау, шектен шығып бара жатқан әкесінің, яки ағасының ондай тентекке қамшы жұмсап, қайырып алған кездері жиі кездессе, ал қызды жазалау кездеспейтін құбылыс десек те болады. Керісінше, әкесі мен ағалар қыздарды еркелетіп «Өрісіңді кеңейтеді» деп әлпештеп өсірген. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесінде ұл бала тәрбиесіне қарағанда, біраз ерекшеліктердің бар екенін білеміз. Себебі, бүгін отбасында еркелетіп ұстап отырған қыз балаларымыздың күні ертең бойжетіп өскен соң, өзге шаңырақтың түтінін түтетіп, ошағының отын жағатын әйел, ана болатынын айтсақ та жеткілікті. Қыз бала тәрбиесінде ананың орны ерекше. Ана қыз бала тәрбиесінде әкеге қарағанда ерекше қызмет етеді. Қыз бала анаға бір табан жақын болған. Қазақ қыздарының шаруашылыққа араласуы бала кезінен, алты-жеті жасынан басталған. Бұл жасқа келген қыз бала отын-суға араласып, шөпшек жинап, бесік тербетіп, шелекпен су тасыған. Анасы міндетті түрде өзі білетін өнерін қызына үйрете бастаған. Сегіз-тоғыз жасынан бастап кесте тігіп, кілем тоқыған. Ұзатыларда берілетін жасауын дайындауға қатысып, қоржын, бау тоқып, үй жабдықтарын өрнектеген. Осындай қыз балаға тән қасиеттерді қызының бойына сіңіретін ең бірінші- ол анасы. Қыз баланы жастайынан үй сыпыруды, яғни үйді таза ұстауға, төсек жинауға, ас пісіру, шәй құю, кесте тігу, кісі сыйлап қонақ күте білуге, тағы басқа жанұяның үй жұмысына үйретуде анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған. Сонымен қатар қызын әсемдік пен әдептілікке үйреткен. Қазақ елі қызды сұлулық, әдептілік және нәзіктік белгісі деп білген. Қызды көктемнің күлімдеген күніне теңеген. Қызды сән мен әсемдіктің нышаны тұтқан. Қыздар пәк махаббаттың иесі деп білген, оған дәлел кешегі өткен Қыз Жібек, Еңлік, Баян сұлулардың сүйіктілеріне деген махаббаты.

Қызы ел көзіне түсе бастасымен оған анасы көсемсіп сөйлемеуді, кісіге тіке қарамауды, ұяң болуды, өз жанынан ұзамауды, жұртқа сүйкімсіздерге жоламауды, албаты күлмеуді, ата-ана мен аға-бауырдан басқаның жаны ашымайтындығын жалықпай айтқан. Жеті атаға дейінгілердің бірін - ағасы, бірін-бауыры деп таныстырған. Мұнысы қыз алысуға болмайды деп түсіндіргені.

Қызының ерте ме, кеш пе күндердің бірінде кететініне іштей бейімделіп жүретін ақылды аналар өзі білетін өңірдегі берекелі шаңырақты, жақсы ата-ананы, әдепті бала-шағаны біліп алып, оны қызына сөз арасында айтып, көргенсіздерді күні бұрын білдіртпей жамандап, қызына өз сыңайын

сөз арасында ептеп ескертіп отырған. Баласы осылардың қайсысына назар аударғанын астыртын қадағалаған.

Қыз баланың ұзатыларға дейінгі орны оң жақ болған. Қазақтар арасында қыз балаға ерекше көзқарас қалыптасқан, сондай-ақ, бойжеткен қызға сол әулеттің тең құқықты мүшесі ретінде қарап құрметтеген. Қыздың күйеуге шыққаннан кейінгі әлеуметтік орны мен оған деген көзқарас ерекше мәнге ие болады, яғни, ол бүкіл үй ішіндегі жұмысқа жауапты әйел, бала тәрбиесімен айналысатын шешеге айналады. Қазақ қыздары 15-16 жасында-ақ күйеуге шыққан. Қазақтар қыздарын ерте күйеуге беруін «тұзды көп сақтама су бұзар, қызды көп сақтама сөз бұзар» деген ел арасында тараған мақалмен түсіндіреді [1, 311 б.].

Сондай-ақ, әйел тәртібінің шектен шығып кетпеуіне енесі қатты көңіл бөлген. Келін ата-енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпаған, төсегіне отырмаған. Қыз күйеуге шыққан соң, енесінің қатал тәртібіне түсіп, ысыла түскен және ене келіннің ақылшысы әрі кеңесшісі болған. Қазақтың «қайын енесінің топырағынан жаралған» деген келінге қатысты сөзінің астарында, ене тәрбиесін жалғастырған келіннің мінез-құлқы жатыр. Келін күйеуінің туыстарының үлкен-кішісіне қарамай, ат тергеп, аттарын атамаған, тіпті күйеуінің де атын атамаған. Ертеде әйелдер ат тергеу мәселесіне өте абай болған, егер қайыната, қайынаға, қайынене, қайынапасымен аттас, көрші-қолаң, таныс адамдары болса, олардың атын атамай аттеріс көрші, аттеріс бала, аттеріс аға, аттеріс апа деген атауларды жиі пайдаланған. Осыған қатысты қазақтар арасында аттеріс ұғымы кең қолданысқа ие болған. Абысын-ажындарын шешей деп сыйлап өткен. Ері үйіне кіріп келгенде, әйел орнынан тұруы керек, қонақпен бірге отырып дамылдауды білмей, ошақ басында тамақтың бабында болуын қадағалап, ыдыс-аяқты реттеп отырған. Ата-енесінің көзінше өзінің күйеуіне қарсы қарап отырмай, бір қырындап отырған, бетіне тік қарамаған. Күйеуінің еліне әбден сіңіп кеткенше келін төркініне бара алмаған, сондай-ақ, жас келін атасының көзіне түспеуге тырысқан. Қазақ әйелдері, қыздары ер адамдардың алдын кесіп өтпеген. Бұл қазақтың ер адамды сыйлаудағы маңызды ғұрыптық дәстүрі болып табылады.

Қазақтар арасында үлкенді сыйлау әдебінің маңызы ерекше болды. Мәселен, қазақтарда үстелге отырарда үлкен адамдардан бұрын әйелдер отырмайды және олардан бұрын дәм татпайды. Сондай-ақ, әйел адам үлкен кісі сөйлеп отырғанда ешқашан сөзін бөлмейді. Бұлардың барлығы үлкенді сыйлаудағы басты моральдік-этикалық талабы болып табылады. Сонымен қатар дастарқан басында алты жасар ұл бала отырса да әйел адам ас қайтармайды. Бұл қазақтың ер адамды сыйлаудағы маңызды ғұрыптық дәстүрі болып табылады. Егер үлкен адамдардан бұрын аталған әрекеттер жасалса, ол әйел адамның әдепсіздігін көрсетеді және оған үлкен сын болып есептелінеді. Сонымен қатар сыйлау этикасы кез келген жерде көрініс табады. Сыйлау - сыйластықтың белгісі. Осыған қатысты қазақта «Өз өзіңді сыйласаң, жат жаныңнан түңілер» деген мақал бар.

Сәлем беру де сыйласудың бір көрінісі. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт сәлем береді», - деген халық даналығы сәлем беру ғұрпының адам өмірінде маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл қазақы ортадағы тәлім-тәрбиенің тереңдігін астарлайды. Қазақ әйелдері үйге кіргенде міндетті түрде сәлем беріп кіреді. Қонақжайлылық - қазақтардың қанына ана сүтімен даритын қазақ ұлтына ғана тән асыл қасиет. Сондықтан да қонақты сыйлау, құрметтеу, қонаққа деген ілтипат көрсету бала кезден қалыптасады. Шақырылған қонақты әйел адамның жылы жүзбен күле қарсы алуы, хал ақуалын сұрап төрге отырғызып, дайындаған ас тағамдарын беріп, ренжітпей қайтаруы қонақты сыйлау мен оған көрсетілетін құрмет болып саналады. Егер шақырылған қонақтардың ішінде келе алмағаны болса, әйелі сарқыт салып беріп, оған өз тарапынан сәлем айтады. Жоғарыда аталған құрмет тек қана шақырылған қонаққа көрсетілетін сыйсыяпат емес, ол кез келген уақытта келген қонаққа көрсетіледі. Егер келген қонақ асығыс болса, онда әйелі ауыз тию жосығын жасайды. Қонақты күту, сыйлау көбінесе әйел адамға қатысты болады. Сондықтан қазақ әйелдері қонақты сыйлау, күту мәселесін терең меңгерген және оны бала тәрбиесінде қатаң ұстанады, егер үйде ата-анасы болмаған жағдайда баласы келген қонақты үйге кіргізіп, қонаққаа шай береді. Қазақтар арасында келген қонақты үйге кіргізбей сырттан қайтару ұят болып есептелініп, ата-анасына сын болған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығында отбасында алған тәрбиенің кез келген уақытта көрініс табатындығын меңзейді. Сондай-ақ, әйел адам қонақ келген кезде бала тәрбиесіне көп көңіл бөледі, қонақ отырғанда баласына ұрыспайды немесе да-уысын көтеріп сөйлемейді. «Қонағын сүймеген, баласын ұрады, не үйін сыпырады» деген мақал осыған қатысты айтылған [1, 315 б.].

Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Үй іші мәселесінде өздерін еркін ұстап, өзіне тиісті шаруаларды өз қалауымен атқарды. Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі өз отбасының атына нұсқан келтірмей, қайта намысын қорғап, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Ертедегі шаруаның негізі мал өсіру, егін салу болғандықтан осыған қатысты сыртқы жұмыстарды ер адамдар атқарса, тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп алаша, кілем тоқу тәрізді әртүрлі тұрмысқа қажетті бұйымдарды тігу, мал сауу, кір жуып үй жинау, көшіп қонған кезде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу және жас балалар мен қартайған ана-енесіне қарау сияқты үй ішінің ұсақ-түйек шаруалар түгелдей әйелдер мойнында болады. Әсіресе, ақылды, парасатты, тәрбиесі жоғары әйел тек еріне ғана емес, сонымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізген. Ері үйде жоқ кезде есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық жасайтын. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс-жанжал шықпайтын. Үлкен-кішіні бірдей сыйлап, қажет жерінде жарасымды әзіл айтып, барлық шаруаны атқарады.

Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша әйел адамның әлеуметтік ортадағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті

иеленудегі үлесін білдіретін құқықтық нормалар жиынтығы болды. Байырғы заңдар жүйесі бойынша, ер азаматтың бірнеше әйелі болса, ең бірінші әйелі бәйбіше деп аталған. Көп әйелі бар үйлерде бәйбішенің орны тоқалға карағанда салмақтырақ болған. Отағасы оны сыйлауға міндетті, алайда қанша әйелі болса да барлығы бірдей бәйбішеге бағынған. Бәйбішенің үйі ерінің үйімен бір саналған. Бәйбіше үйіне тоқал тек шақырумен кірген және рұқсатымен отырған. Көп әйел болғанда бәйбіше үй шаруасының басшысы болған, үй шаруасының басым бөлігі тоқалдың мойнына артылған. Тоқал үйі бәйбіше үйінен 2-3 үйден кейін тігілген. Егерде бәйбішесі қызғаншақ болған жағдайда тоқалдың үйі 15 шақырымдай ілгері жерден тігілген [2, 80 б.].

Әйелдердің жасауларының араласып кетуіне жол берілмейді. Себебі бұл анасының мүлкі тек балаларына ғана тиесілі болсын деген түсініктен туған.

Дәстүрлі ортаның әйел құны мен құқығы жайлы ұстанымдарында отбасы мүшелерін материалдық игілікпен қамтамасыз ету ер адамға жүктелгендіктен, әйел адамға құқықтық, материалдық артық міндеттеме жүктемейді. Этномәдени дәстүрдегі талап пен діни ұстанымдарға байланысты социумның санасындағы түсінік бойынша әйелдің міндеті - дүниеге ұрпақ әкелу, ұрпақ тәрбиелеу.

Л.Фукстың деректері бойынша, байырғы ортада қазақ әйелдері үй шаруашылығын толық басқарған. Төркінінен келген барлық мал-мүлік, тұрмыстық заттарды өз қарауына алып, шаруашылығын көбейтіп, оны күнделікті әлеуметтік қажеттілігіне жаратып отырған.

Ертеде қазақ байлары бірнеше әйел алғандықтан, әр әйелдің өзіндік құқығы мен атқаратын міндеті болған. Сондай-ақ, бәйбіше күйеуінің әйелдеріне қалай көңіл бөлетіндігіне байланысты, күйеуінің малынан тоқалдарға енші бөліп берген, ал бәйбішеде еншіленген шаруашылық болмайды, себебі оған күйеуінің малын басқаруға, күйеуімен бірдей дәрежеде құқық берілгендіктен, бәйбіше де мал-мүліктің толық иесі болып табылған. Қазақ арасында көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Байырғы ортада байлыққа мастанған байлар төсек жанғырту мақсатымен әйел үстіне қалыңмалын төлеп қыз айттыру арқылы бірнеше әйел алған. Халықтың ғұрыптық салты бойынша әйел саны шектелмеген, ал шарифат заңы бойынша төрт әйел алуға ғана рұқсат етілген. Орыс зерттеушісі Н.Гродековтың деректері бойынша төрт әйелден артық әйелі бар ерлер соңғы төртеуімен ғана ерлі-зайыптылық ғұрпымен тұруға құқылы болған, ал қалған әйелдері софылық жолға түсіп, шарифат бойынша ерлерімен ажырасқан [3, 38 б.].

Қазақ отбасында әйел құқығы болмаған деген бір жақты пікір тұмауы керек. Әйел ақылды болса, бағына орай ері де ақылды, сабырлы болар болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізген. Н.Изразцевтің деректері бойынша қазақтардың ғұрыптық дәстүрінде күйеуі қайтыс болып, артында кәмелет жасына толмаған балалары қалса, әйел қайтадан тұрмысқа шықпаған жағдайда күйеуінен қалған барлық мүлікке иелік еткен. Ертеде қазақтардың бірнеше әйелі болғандықтан, мүлікті бөлісу

кезінде алдымен бәйбішеден туған балаларына, ал одан кейін ғана тоқалдан туған балаларына үлестері берілген. Сонымен қатар қазақтың әдет-ғұрыптық заңы бойынша бәйбішеден бала болмаған жағдайда мүлік бірден тоқалдан туған балаларына берілген.

Байырғы ортада ерлі-зайыпты адамдардың ажырасуы сирек болған. Дегенмен әйел тарапынан күйеуінен ажырасу үшін қойылатын талаптардың міндетті түрде орындалатын түрі де болатын. Біріншіден, жас әйелдің күйеуі өзінің күйеулік міндетін орындауға дәрменсіз, кем қуат болған жағдайда, екіншіден, күйеуі 10-12 жасар бала болып, әйелі (әмеңгерлік жолмен қосқан) 25-40 жаста болса, үшіншіден, күйеуі әйелін жазықсыз жәбірлеп, ұрып-соға берсе, төртіншіден, күнкөріссіз 6 ай 10 күн хабарсыз қалдырса немесе 7 жыл бойы із-түзсіз жоғалып кетсе күйеуі, күнкөріс болған күннің өзінде әйелі куәгерлермен қазылар алдына келіп күйеуінен ажырасуға рұқсат алған. Ерлі-зайыпты адамдар қандай себеппен ажырасса да, балалар әкеде қалатын. Тек кейбір жағдайда ғана емшектегі жас нәрестені шешесімен жіберетін. Ал, мал-мүлік жағына келсек, әйелін күйеуі тастаса киім-кешек, төсек-орын, мінер ат, көш көлігі, т. б. жасаумен келген дүниесі өзіне беріліп, қалыңмал қайтарылмайды. Ал егер күйеуін әйелі тастап кеткен жағдайда ештеңе берілмейді де, әйелдің кетуіне күйеудің өзі кінәлі болған жағдайда әйел өз дүниесін алғанмен, қалыңмалы қайтарылмайды [4, 94 б.].

Әдет-ғұрып бойынша қазақ әйелдерінің билер алдына жеке өз басының мәселесі болмаса, басқа іс туралы баруға құқығы болмаған. Би алдында куәлік етуге, ант ішіп, жан беруге әдет бойынша әйел жіберілмейді. Ал шарифат заңы бойынша тіпті қажет болып қалған уақытта әйелге ерлер киімін кигізіп, одан ант қабылдауға рұқсат берілетін кездерде болған.

Дәстүрлі ғұрыптық құқық пен шарифат белгілеп берген ережелерге сәйкес «әйел құны, ерлер құнының жартысына тең» (ер адамның құны өлімі үшін 100 жылқы, төмендегідей бес жақсы: құл мен күн, қаранар, ақсауыт, түзу мылтық, қарашолақ ат, қалы кілем, ал әйел құны осының жартысы елу жылқы, қара нар, қара шолақ ат, қалы кілем берілген) болды. 50 жылқының үшеуі ілуге, яғни, жағалы киімге ауыстырылып, 47 бас төленді. Сондай-ақ, әйелдің қолын, аяғын сындырған, көзін ағызған жағдайда да ер адамға төленетін құнның жартысы төленеді.

Әйелді өлтірген адамға жаза тағайындауда ол өнерлі болса, еркекпен бірдей тең дәрежеде «өнер құны» қарастырылады. Егер жазым болған немесе қасақана өлтірілген әйел өнерлі, атақ даңқы шыққан адам болса ондай жағдайда билер соты аталған өнер құнын артықша белгілейді. М.Ж. Көпейдің жазбаларында ақын Ұлбикені өлтірген күйеуі Бойтан серіні халықтық сотқа салып, билердің ақылдасуынан («қанға қан дейтін» билер соты ескірген, орыс соты жарамайды деп мұсылмандық жолмен жазалайды) кейін, Ұлбикенің өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен, мұны көрген билер жаратқаннан ақындық берілген Ұлбикеге өнер құнын тағайындау орынды деп тауып, өнер құнына елу жылқы, алты жақсы тағайындайды, Бойтан сері бас жетім (айыптың ең жоғарғысы) құнына беріпті. Қара құны үшін тоқал құн деп тоғыз жақсы беріпті.

Ежелгі әдет-ғұрыптық құқық бойынша әйел құнын бірнеше жолдармен төлеп отырған. Мәселен, егер күйеуі әйелін басынан ұрып, есінен тандырып екесті (әнгүдік) күйге шалдықтырса, айыпкер шарифат бойынша 100 түйе айып төлеген. Егер жүкті әйелді ұрғаннан баласы өліп қалса, 100 сом, егер бала тірі туып біраз уақыттан кейін қайтыс болса, онда 100 түйе құн, ал бала өліп, кейін анасы қайтқан жағдайда 100 түйе және 100 сом төлеген. Кейде әр адам басына 200 түйеден төлеттірген. Осындай құн төлемдері билердің алқа шешімімен жүзеге асырылды [5, 1-13 б.].

Қазақтың жеті жарғысында әйел құны туралы былай делінген. Егер әйелі ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, ал мұндай қылмысты екі қабат әйел жасаса жазадан босатылады), егер ері әйелін өлтірсе, ол әйелінің құнын төлейді. Сондай-ақ, екі қабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туса, бес айлық бала үшін бес ат, бес айдан тоғыз айға дейінгі балаға әр айына бір түйеден жүз түйе, үш жүз атқа немесе мың қойға тең құн төлейді.

Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып табылады. Мұндай қылмыс үшін еріне немесе қыздың ата-анасына құн төлеуге тиіс, егер жігіт өзі зорлаған қызға қалыңмал төлеп үйленсе, жазадан босатылады. Әйелі ерінің көзіне шөп салу үстінде ұсталса, ері оны өлтіруге құқылы, бірақ қылмысты сол кезінде жария етуге тиіс, алайда әйелінен сезіктенген еркектің сөзін төрт сенімді адам дәлелдеп олар теріске шығарса, әйел жазадан босатылады. Сондай-ақ, біреудің әйелін күйеуінен алып қашқан адам өлім жазасына немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе, күйеуіне қалыңмал төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс болды.

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда, қазақ әйелінің әлеуметтік еркіндігі де болды. Қазақ әйелдері ұзын жең, кең етектегі көйлек киіп денелерін жасырғанымен, бет-жүзін ашық ұстаған. «Қазақ әйелі», «қазақ қызы» деген ұғымның мазмұны қазақы болмыс, қазақы тұрмыстың көрінісі, ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі т.б жайттарды қамтиды. Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет-отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерінің барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдет-ғұрыптар бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болу арқылы нығайтып келген. Ол кезде де қазақ қыздары көргенсіздіктен, басқада жағымсыз мінез-қылықтардан құлан таза деу артықтау. Бірақ дәл қазіргідей әйел алуды көрпе ауыстырғандай көру, көпшіліктің көзінше қыздың жігітпен құшақтасып тұру, бүгін тиіп, ертең ажырасу, келген келін мен қайынсіңілі арасындағы келіспеушілік ол кезде жоқ болатын. Бар болса да сирек кездесетін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.

Энциклопедия. – Алматы: 2011.

2. Арғынбаев Х.А. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: «Қайнар» 2005.

3. Еламанов Қ. Шаңырақ пен пырақ. Алматы « Жеті жарғы» 1999.

4. Жүнісов А. Пәниден бақиға дейін. Алматы, 1994.

5. Қожабеков Б. Қазақы неке. Алматы «Жалын» 1994.